




№1 «28» 08 2024ж

А.Е.Отегенов
Директоры

Келісілді:

Г.С.Шакен

Оқу-ісі менгерушісі

Тақырыбы:

« Физикадан есептерді шешу әдістері»

(Олективті курс)

ІІ сынып

Пән мұғалімі: Қажымұқан Назерке

Физика пән мұғалімі

О/б отырысында қаралды

№1 хаттама «28» 08 2024 жыл

О/б жетекшісі:  Г.Г.Кошімова

Тексерілді:

Оқу ісі-жөніндегі орынбасары: Г.Шакен

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

Білім беру аймағы: «Физика»

Сыныбы: 11

Физика табиғатта болатын құбылыстарды зерттеумен айналысады. Физика әлемнің прогрессивті жетістіктерін ғылым мен техника дамуында басшылыққа алады, оқушыларға қоршаған табиғат әлемінің қыр-сырымен танысуға мүмкіндік береді. Мектептегі физика курсын игеру – бұл физикалық құбылыстар мен заңдылықтарды түсініп қана қою емес, сонымен бірге оларды бақылау, тәжірибелер мен эксперименттер арқылы қорытынды жасау және оны іс жүзінде қолдана білу. Оқу үрдісінің ең қиын бөліктерінің бірі - оқушыларды есептер шығаруға үйрету. Физикалық есептер - бұл физикалық заңдар және әдістер негізінде оқушыларды білуге және ойлау қабілетін дамытуға бағытталған, сондай-ақ практикалық есептеуді қажет ететін жағдай болып табылады. Дәстүрлі есептерді шешу әдістері жақсы таныс болғанымен оқушылардың есептерді шығаруды ұйымдастыру жұмысы олардың терең және нақты білім алуының маңызды шарты болып табылады. Қазіргі таңда оқушылардың физикалық білімі жаңартылған бағдарлама бойынша қалыптастырушы, бөлімдік жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау арқылы көрсетілуде. Осы бағалау нәтижесінде қабілетті оқушылар тобының дайындалу деңгейі артқанын көрсетсе, ал төмен деңгейлі оқушылардың дайындықтары төмендігін көрсетуде. Жаңартылған білім бойынша оқушылардың «физика» пәнінен білім деңгейін тереңдетіп, физиканың қазіргі заманғы тұрмыс тіршіліктегі және жалпы адамзат мәдениетін дамытудағы ролін ашу, табиғатқа ғылыми көзқарасты қалыптастырып бекіту, теориялық білім-біліктері мен дағдыларын оқушының санасында қалыптастыруда, ақыл-ойын, ойлау қабілетін дамытып, келешекте мамандық таңдауға, дұрыс кәсіптік бағдарлауға үлес қосу. Оқу жүктемесі аптасына 3 сағат болатын базалық деңгейді таңдау дегеніміз пәннің базалық стандартына бағыну дегенді білдіреді: оқушыларды стандарт бойынша қарастырылған физикалық құбылыстармен таныстыру, жалпылама түсінік беру, дайындау. Дегенмен барлық заңдарды үйрену мүмкін емес, демек, физикалық есептерді шығару дағдысын қалыптастыру мүмкін емес (базалық стандарт бойынша қарастырылмаған). Сол себепті физикалық есептерді шығару курсы бірінші кезекте физика пәнінің негізгі курсының мазмұнын дамыту болып табылады.

Курс бағдарламасы мемлекеттік білім беру стандарты бойынша физика курсының 10-11 сыныптарға арналған бағдарламасының мазмұнына сай аптасына 1 сағаттан барлығы 68 сағатқа (34 сағаттан) арналып құрылған. Бағдарламада физиканың мектеп курсындағы негізгі бөлімдері бойынша берілген тақырыптарға тереңірек, ауқымды түрде есептер шығару қарастырылған және оқушылардың білімдерін, негізгі физикалық заңдылықтарды, формулаларды қайталауына жол ашады. Бұл оқушылардың білімін, біліктігін арттыруға мұғалімді бағыттайды. Оқушылардың теориялық білімін графиктік, мәтіндік, сапалық есептерге қолдана білуге, оны шешудің әдіс-тәсілдерін үйренуіне, өз бетімен жұмыстануына мүмкіндік береді.

Курстың мақсаты:

1. Оқушылардың физикалық есептерді шығару барысында танымдық қызығушылығын арттыру, зияткерлік және шығармашылық қабілетін дамыта отырып, өз бетімен ізденіп, жаңа білімге қол жеткізуге үйрету;

2. Негізгі курс барысында алынған білім, білік дағдыларын жетілдіру;

3. Физикалық есептерді шығару әдіс-тәсілдерін анықтай білу дәрежесін қалыптастыру;

4. Физикалық білімдерін табиғаттың құбылысын, заттың қасиетін түсіндіруге қолдана білуге, есептерді шығаруға, физикалық мағынасы бар жаңа ақпаратты өз бетімен ізденіп, бағалауға үйрету.

Курстың міндеті:

1. Оқушылардың білімін тереңдету және жүйелеу;
2. Есептер шығарудың негізгі алгоритмін меңгерту;
3. Есептер шығарудың әдістерін игерту.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылардың білімі іскерлігі мен есеп шығару дағдысы анықталады;
2. Физикалық теорияны есеп шығаруға қолдана біледі;
3. Физикалық заңдардың оқылуы мен формулалардың жазылуын біледі;
4. Оқушылардың пәнге қызығушылығы артады;

Күнтізбелік – тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Сағат	Отілу
		саны	Мерзімі
1	Тербелмелі контур	1	3.09.2024ж
2	Электромагниттік толқындар. Радиоқабылдағыш.	1	10.09.2024ж
3	Тербелмелі контурда болатын процестердің динамикасы.	1	17.09.2024ж
4	Энергияның өзара түрленуі	1	24.09.2024ж
5	Кернеу мен токтың тиімді мәні	1	1.10.2024ж
6	Айнымалы ток кезіндегі кедергі. Тұрақты ток қозғалтқыштары. Трансформаторлар	1	8.10.2024ж
7	Жарық толқындары	1	15.10.2024ж
8	Геометриялық оптика	1	22.10.2024ж
9	Жарықтың дисперсиясы	1	5.11.2024ж
10	Алып планеталар	1	12.11.2024ж
11	Жануарлардан алынатын шикізат	1	19.11.2024ж
12	Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану	1	26.11.2024ж
13	Күн – күндізгі жұлдыз	1	3.12.2024ж
14	Электролиз заңдары. Фарадей заңдары	1	10.12.2024ж
15	Қоспадағы заттардың біреуі ғана реакцияға түскенде қоспаның құрамын анықтау	1	17.12.2024ж
16	Қоспадағы заттардың біреуі ғана реакцияға түскенде қоспаның құрамын анықтау	1	24.12.2024ж
17	Жарықтың корпускулярлық – толқындық табиғаты	1	14.01.2025ж

18	Спектрлік талдау	1	21.01.2025ж
19	Электромагниттік сәулелену	1	28.01.2025ж
20	Электромагниттік индукция заңы	1	4.02.2025ж
21	Электромагниттік индукция заңы	1	11.02.2025ж
22	Электромагниттік құралдар	1	18.02.2025ж
23	Магниттік-резонанстық томография	1	25.02.2025ж
24	Гармоникалық тербелістер	1	4.03.2025ж
25	Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер	1	11.03.2025ж
26	Айнымалы ток генераторы	1	18.03.2025ж
27	Есептер шығару	1	1.04.2025ж
28	Гармоникалық тербелістер	1	8.04.2025ж
29	Айнымалы ток тізбегіндегі резонанс	1	15.04.2025ж
30	Жарықтың интерференциясы	1	22.04.2025ж
31	Жарықтың дифракциясы	1	6.05.2025ж
32	Геометриялық оптика		13.05.2025ж
33	Табиғи радиоактивтілік		20.05.2025ж
34	Ядролық реакциялар		